

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2020 жылғы наурыз

БЖЗҚ салымшыларының көпшілігі неліктен интернет-ақпарат тәсілін таңдайды?

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алудың бірнеше тәсілдерін ұсынады. Ақпараттандырудың ең танымал тәсілдері – электрондық тәсілдер, яғни:

электрондық пошта арқылы, БЖЗҚ-ға ұсынылған мекенжайға;

электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе пайдаланушының логині мен паролін, оның ішінде ұялы қосымшаны пайдалана отырып, жеке кабинет арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылдың 1 наурызына дейін соңғы тәсілді жеке зейнетақы шоттарының 5,6 миллионнан астам иегері пайдаланды. Бұл тәсілдің артықшылығы, ең алдымен, жылдамдық пен ыңғайлылық, яғни өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Басқа тәсілдерден ерекшелігі, оның көмегімен сіз кез келген уақытта және кез келген жерде өз шотыңызды тексере аласыз. Өзіңіздің гаджеттеріңіз арқылы сіз жеке зейнетақы шотыңыздан үзінді көшірме алып, зейнетақы активтері бойынша ағымдағы көрсеткіштерді, шарттардың деректемелерін және т.б. көптеген мәліметтерді көре аласыз.

БЖЗҚ ұялы сервис ретінде қосымшаны ғана дамытып қоймай, мессенджерлерге де түрлі функцияларды белсенді түрде енгізуде. Танымал Telegram мессенджерінде шағын үзінді көшірме алуға, жеке кабинеттің құпия сөзін қалпына келтіріп, БЖЗҚ-ның өзекті жаңалықтарымен және ағымдағы көрсеткіштерімен танысуға, сондай-ақ Қордың жақын жердегі бөлімшесін табуға болады.

850 мыңнан астам салымшы (алушы) ақпараттандыру тәсілі ретінде электрондық поштаны таңдады. Бұл да ыңғайлы тәсіл.

Айта кету керек, қалалар мен облыстар бөлінісінде ақпарат алудың электрондық тәсілі Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында, Қарағанды және Түркістан облыстарында кеңінен тараған.

Интернеттің жылдам дамуына қарамастан БЖЗҚ филиалдарына өзі келіп өтініш білдіру тәсілі де танымалдығын жалғастыруда. Қазіргі уақытта – бұл танымалдығы жағынан ақпараттандырудың екінші тәсілі. Жеке зейнетақы шоттарының 1 980 240 иегері дәл осы нұсқаны таңдады.

БЖЗҚ-дан ақпаратты пошта қызметінің көмегімен алатын азаматтардың саны бірте-бірте азайып келеді. Ақпарат берудің мұндай тәсілінің мерзімділігі – жылына бір рет (!) және бүгінгі күнде бұл әдісті 1,3 млн. салымшы таңдады. Ақпарат алу мақсатында көрсетілген мекен-жай өзгерген жағдайда, бұл туралы Қорға хабарлау қажет екенін еске саламыз. Егер мұны жасамасаңыз, онда БЖЗҚ-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты одан әрі жібермеуге құқығы бар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).